

Мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындардың тізбесін бекіту туралы

Жетісу облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 566 қаулысы. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2023 жылы 31 шілдеде № 50-19 болып тіркелді

"Жарнама туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 17-2-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабына сәйкес, Талдықорған қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындардың тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Талдықорған қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Талдықорған қаласының әкімі

Е. Бәзіл

2023 жылғы 28 шілдедегі № 566
қаулысына қосымша

Мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындардың тізбесі

№	Орындар	Мекен-жайы
Талдықорған қаласы бойынша		
1.	"Медицина колледжі" қоғамдық көлік аялдамасының аумағындағы стенд	"Жетісу" шағын ауданы
2.	"Шевченко көшесі" қоғамдық көлік аялдамасының аумағындағы стенд	Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы бойында
3.	"Самал" қоғамдық көлік аялдамасының аумағындағы стенд	"Самал" шағын ауданы
4.	"№ 9 орта мектеп" қоғамдық көлік аялдамасының аумағындағы стенд	"Қаратал" шағын ауданы
5.	"№ 8 орта мектеп" қоғамдық көлік аялдамасының аумағындағы стенд	Тыныбаев көшесі
6.	"Фиалка" дүкені қоғамдық көлік аялдамасының аумағындағы стенд	Қабанбай батыр көшесі

7.	"Госпиталь" қоғамдық көлік аялдамасының аумағындағы стенд	"Шығыс" шағын ауданы
8.	"Жерұйық" коммуналдық базары" қоғамдық көлік аялдамасының аумағындағы стенд	"Ғарышкер" шағын ауданы
9.	"Дәулет" сауда үйі" қоғамдық көлік аялдамасының аумағындағы стенд	"Жастар" шағын ауданы
10.	"Облыстық аурухана" қоғамдық көлік аялдамасының аумағындағы стенд	Ескелді би көшесі
11.	"№ 9 әскери қалашық" қоғамдық көлік аялдамасының аумағындағы стенд	№9 әскери қалашық
12.	"Қызыл тас" тұтынушылар кооперативі қоғамдық көлік соңғы аялдамасының аумағындағы стенд	"Қызыл тас" тұтынушылар кооперативі, № 1, № 3 автобус бағыттарының соңғы аялдамасы
13.	"Үйтас" тұтынушылар кооперативі қоғамдық көлік соңғы аялдамасының аумағындағы стенд	"Үйтас" тұтынушылар кооперативі, № 16 автобус бағытының соңғы аялдамасы
14.	"№ 27 орта мектеп" қоғамдық көлік аялдамасының аумағындағы стенд	Әнуар Әлімжанов көшесі," Талдықорған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің " № 27 орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанында
15.	"Болашақ" шағын ауданы қоғамдық көлік аялдамасының аумағындағы стенд	Астана даңғылы бойында
16.	"Болашақ" шағын ауданы қоғамдық көлік аялдамасының аумағындағы стенд	Бәйкен Әшімов көшесі бойында
17.	"Береке" тұрғын массиві" қоғамдық көлік аялдамасының аумағындағы стенд	"Береке" тұрғын массиві № 5 көшесі бойында
Еркін селолық округі бойынша		
18.	"Дүкен" қоғамдық көлік аялдамасы аумағындағы стенд	Еркін ауылы, Сүлеев көшесі
Өтенай селолық округі бойынша		
19.	Ауылдық-дәрігерлік амбулаторияның аумағындағы стенд	Өтенай ауылы, Тұңғатов көшесі